



**PROUD TO
BE MORE**

DE MONTFORT UNIVERSITY (DMU) – БҰЛ БОЛАШАҒЫ ЗОР, ДИНАМИКАЛЫҚ, ӘЙГІЛІ ҒАЛАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

Ұлыбританияның Лестер қаласында орналасқан жоғары оқу орны академиялық шеберлікке, түлектердің зор болашағына бағыттала отырып, жергілікті және халықаралық ынтымақтастық тарихы мен олардың ықпалына негізделген мықты беделге ие болып отыр.

ДМУ педагогикалық шеберлік жүйесіне (TEF) сәйкес алтын рейтингі бар университет ретінде танылғанын мақтан тұтады. Бұл марапат ДМУ ұсынатын үздік білім беру және оқыту әдістері мен оның біздің студенттерге тигізген орасан зор әсерін жоғары бағалайды. TEF комиссиясының қорытындысы бойынша ДМУ «студенттерге үнемі үздік білім, оқу және оның тамаша нәтижелерін ұсынады. Бұл Ұлыбританиядағы ең жоғары сапалы білім».

ДМУ ҚАЗАҚСТАН

Британдық білім беру бағдарламаларын Қазақстанда ұсыну мақсатында құрылған алғашқы британдық университет. ДМУ Қазақстанда британдық жоғары саналы білім алыңыз да, жоғары дәрежелі жақсы қарым-қатынас пен байланыс орнатыңыз. ДМУ Қазақстан – бұл халықаралық оқу тәжірибесі, жоғары академиялық стандарттар мен қатаңдық жағынан Лестердегі ДМУ-ға (Ұлыбритания) толық сәйкес келеді.

- Ұлыбританияның академиялық стандарттары
- Ұлыбритания ЖОО-ның дәрежесі
- Тереңдетіп оқыту
- Инновациялар & Кәсіпкерлік тәсіл
- Оқу ағылшын тілінде

Оқуды сәтті аяқтағаннан кейін Де Монтфорт Лестер Университетінің британдық дипломы беріледі.

БІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІМІЗ

Біздің студенттер өз мансаптарын жетелдету үшін және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болып, жоғарылау үшін әбден машықтанып шығады:

- Кәсіби тәжірибесі мол, салалық іске машықтанған, жұмыс істеуге дайын түлектер болып шығады
- Кәсіби білім беру мен оқытуға бағытталған тағылымдамадан өтеді, коучинг және зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік алып шығады
- Негізгі қабілеттері мен сұранысқа ие болатын дағдыларын дамытады
- Бағдарламалар оқудағы прогресті қамтамасыз ету үшін ойластырылған.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

Тамаша оқыту, керемет студенттік тәжірибе, жоғары деңгейлі жұмысқа орналасу, ғаламдық ұтқырлық және қоғам мен нарыққа әсер ете білу.



ДМУ ҚАЗАҚСТАН РЕКТОРЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

Де Монтфорт Қазақстан Университетіне (ДМУ Қазақстан) – Алматы қаласының қақ ортасында орналасқан ұлыбританиялық университетке қош келдіңіздер! Бұл жоғары оқу орны халықаралық жоғары сапалы білімді жергілікті деңгейде ұсынады, сөйтіп студенттерге мына құбылмалы әлемге бейімделуге және өз ортасына пайдалы әсер етуге мүмкіндік береді.

Білім беру потенциалы – өзгерістер жасауы және қоғамға оң әсер етері сөзсіз. ДМУ Қазақстанға жасаған сапарыңыздың бір бөлшегі болу үшін Сіздерді асыға күтеміз.

Ректор, профессор Джеймс Паундер





БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Біз сіздердің мансаптарыңызды жеделдету және бәсекеге қабілетті еңбек нарығында алға жылжу үшін қажетті дағдылармен және тәжірибелермен қаруландыратын тартымды бағдарламалар әзірлеу үшін салалы өндіріс орындарымен және кәсіпорындармен тығыз байланыста жұмыс жасаймыз.

ДМУ Қазақстан жұмыс берушілердің талаптарын орындауға: кәсіптік тәжірибесі мол және дайын түйіндемесі бойынша салалық дағдылары бар, жұмысқа дайын түлектерді даярлауға тырысады. Сіздің мансабыңыз бірінші сәттен-ақ көпшіліктің назарында болады. Тағылымдама, мақсатты оқыту және коучинг - ДМУ Қазақстан өмірі мен білім беру әдісінің бір бөлігі болып табылады.

Біз сіздерге бакалавриат пен магистратура бағдарламасын ұсынамыз.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ

Ағылшын тілін оқыту орталығы сіздерге оқу басталар алдында және диплом бағдарламалы бойынша оқу кезінде тілдік білімдеріңізді жетілдіруге көмек беретін курстарды ұсынады.

Біздің тәжірибелі оқытушылар қауымы бүкіл әлемде сабақ берді және ағылшын тілін оқытудың ең озық тәжірибелеріне ие, сондықтан сіз ағылшын тілін оқытудың ең жақсы академиялық стандарттарына сәйкес білім алатындығыңызға сенімді бола аласыз.

ОҚУҒА ТҮСУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Сіз бакалавриатқа немесе магистратураға оқуға түскіңіз келсе де, ДМУ Қазақстан жергілікті және шетелдік студенттер үшін Ұлыбритания білім дәрежесіне ие болуға тамаша таңдау, әрі мүмкіндік болып табылады.

ДМУ Қазақстан университетіне оқуға түсу талаптарымен танысу үшін, біздің веб-сайтқа кіріңіз. Біздегі қабылдау комиссиясының командасы сіздің өтінішіңізді қарап шығады, сондықтан да өтініш берген кезде сіз академиялық біліміңіз бен жеке өзіңіз туралы ақпаратты дұрыс бергеніңізге көз жеткізіңіз.


 Университетке келіп түскен әрбір өтініш жеке-жеке қаралады.

 dmuk.edu.kz/entry-requirements dmuk.edu.kz/entry-requirements-international

ОҚУ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Университетке оқуға түсу - бұл сіздің келешегіңіз үшін құйылған тамаша инвестиция, сондықтан да біз жергілікті және шетелдік студенттерге өз мақсаттарына жету жолында қолдау көрсетуге тырысамыз.

Біздің студенттер керемет мүмкіндіктер мен тамаша тәжірибелерді пайдалана отырып, жоғары сапалы және теңдесі жоқ ұлыбританиялық білім алуын қамтамасыз ету үшін біз оқу бағасын сіздерге ыңғайлы етіп қойдық. Біздің бағаларымыз бәсекеге қабілетті деп санаймыз, әрі Ұлыбританияның стандарттық деңгейі мен қазіргі нарық динамикасына сәйкес оқудың бағасы мен оның сапалық арақатынасына негізделген өте жақсы бағаны ұсынамыз.


 dmuk.edu.kz/fees-and-funding

АТА-АНАЛАР МЕН ҚАМҚОРШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТТАР

Қазақстандағы ұлыбританиялық жоғары білім - сіздердің балаларыңыз халықаралық білім алу тәжірибесіне ие болады.

Дұрыс университет пен бағдарлама таңдау - өмірдегі маңызды шешім болып табылады. Потенциалды студенттің ата-анасы немесе қамқоршысы ретінде сіз оларға өмірлік маңызды шешім қабылдауда қолдау көрсетесіз деп білеміз.

Қазақстандық ДМУ студенттері Лестердегі (Ұлыбритания) ДМУ-да оқитын студенттермен бірдей оқу мүмкіндіктеріне, жоғары академиялық стандарттар мен талаптарға ие болады.

 dmuk.edu.kz/information-for-parents-and-guardians

ОРНАЛАСУ

Университет – студенттік өмірдегі барлық қызықты оқиғалардың бастауы, сіз мұнда қайда болса да бара аласыз, алайда сізге үйім деп атауға тұрарлық сенімді де тұрақты жер керек.

Алматы – бұл үнемі даму үстіндегі космосаяси қала, мұнда қаланың орталығы мен өзіңізге ыңғайлы жерден кез келген сомаға лайықты тұрақты жер табуға болады.

Біздегі қабылдау комиссияның командасы сізге дұрыс таңдау жасауға көмектесуге әрқашан дайын.

КАМПУС

Жаңа ғимарат – ыңғайлы тұрғылықты жер және жоғары сапалы білім алу ортасы.

Сіз өзіңізді бақытты сезінген және шабыттанған жерде жақсы жұмыс жасайсыз, сол себепті біз сізге керемет оқу ортасын құру үшін бар күш-жігерімізді саламыз.

ДМУ Қазақстан Алматыда Esentai City-дегі Esentai Mall мен Ritz-Carlton қонақ үйіне қарама-қарсы жаңа ғимаратта жұмыс істейді. Студенттік қалашық студенттерге жоғары сапалы білім алу мен тәжірибе жинауды қамтамасыз етуге арналған жаңа интерьерге ие болады. Ғимараттың инфрақұрылымы өз қатарындағы ең үздігі болады.

ӨТІНІМДІ ҚАЛАЙ БЕРУГЕ БОЛАДЫ

Сіздің келешегіңіз үшін дұрыс таңдау.

Сіздің ДМУ Қазақстанда оқығыңыз келетіні бізді қатты қуантады. Алайда бізде оқу үшін қалай өтінім беретініңіз сіз таңдаған білім беру бағдарламасына және тұратын еліңізге тікелей байланысты.

Біздің веб-сайтта «Бағдарламалар» және «Оқыту» деген бөлімдерді қараңыз, онда сіздерге оқуға түсу үшін қажетті барлық талаптар және өтінім беру кезеңдері туралы ақпараттар толығымен берілген.


 dmuk.edu.kz/how-to-apply

БАКАЛАВРИАТТЫҢ 2021/22 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БАСТАЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Бакалавриаттың барлық бағдарламалары 4 жылдық оқу мерзіміне шақталып жасалған.

Сіздер ДМУ Қазақстанда оқу үшін өтініш берген кезде біз сізге оқу бағдарламасын таңдауды ұсынамыз. Бірінші оқу жылын барлық студенттер International Year Zero бағдарламасын (Халықаралық 0 жыл) оқудан бастайды, бұл оларға таңдаған бағдарламаларына дайындық жасауға көмектеседі.

International Year Zero бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін студенттер өздері таңдаған мамандықтар бойынша оқуға ауысады.





Бухгалтерлік есеп және Қаржы Бак. (Hons)

Бұл кәсіби танымал бағдарлама болып табылады және бухгалтерлік мамандықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кепілдік беретін берік академиялық теорияға негізделген. Бұл бухгалтерлік есеп немесе қаржы ұйымдарының жоғары сұранысына ие болатын халықаралық танымал кәсіптік ұйымдар қызметінің кең спектрін ұсынады.

Таңдау себептері...

- Сіз сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығынан (ACCA) тоғызға дейін жеңілдіктер алыңыз және болуы мүмкін сегіз ірі бухгалтерлік органдардан босатылыңыз – CIMA, CII, AAT, AIA, CFA, CIPFA, ICAEW және CPA – бұл сізге кәсіби мансабыңызды бастау үшін салалық білімнің (расталған және мақұлданған жағдайда) кең мүмкіндігін береді.
- Біз жұмыс берушілермен және кәсіби бухгалтерлік ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасаймыз, бұл спикерлермен сессиялар, тағылымдамалар және желілік байланыстар арқылы сізге мансаптық болашағыңызды жақсартуға мүмкіндік береді.

Пәндер

Пәндердің мазмұны өте кең және басқарушылық есеп, корпоративті қаржы, менеджмент және стратегия сияқты көптеген тақырыптарды қамтиды.

Біздегі сот-медициналық сараптама пәні бухгалтерлік алаяқтық пен киберқылмыс жасау себептерін сияқты бағыттарды зерттеуге көмектесуге арналған.

Бизнес және Маркетинг Бак. (Hons)

Әлемдік тәжірибесі бар оқытушылардан білім алыңыз, бағдарлама бизнес пен маркетингтің негізін қалайтын қағидаттардан толық мағлұмат береді. Сондай-ақ сіз өзіңіздің кәсіпкерлік дағдыларыңызды дамытуға мүмкіндік аласыз, ал бағдарламаны аккредитациялау жұмыс берушілер бағалайтын кәсіби біліктіліктен айтарлықтай алыстауға әкелуі мүмкін.

Таңдау себептері...

- Университет – бұл Чартерлік маркетинг институтының (Chartered Institute of Marketing, CIM) аккредиттелген зерттеу орталығы және мәліметтер мен маркетинг институтының (DMA) негізгі білім беру серіктесі (растау және мақұлдау шартымен) болып табылады.
- ДМУ Қазақстан командасы сізге жергілікті, ұлттық және халықаралық компанияларда тағылымдамадан өту арқылы бүгінгі жұмыс берушілер іздеп жүрген дағдылар мен қабілеттерді меңгеруге көмектеседі.

Пәндер

Бұл бағдарлама қаржылық шешімдер қабылдау, маркетинг негіздері, тікелей және сандық маркетинг, бренд менеджменті, шығармашылық менеджмент және маркетинг сияқты көптеген стандартты және мамандандырылған модульдерді қамтиды.

Біздің «Қазіргі заманғы бизнестің ғаламдық мәселелері» атты модуліміз экономикадағы да, саясаттағы да қазіргі қиындықтар бизнестің тиімділігі мен оны

Іскерлік құқық LLB (Hons)

ДМУ Қазақстан ұсынған бағдарлама сіздің заңгерлік мансабыңызды бастау үшін және көптеген басқа мамандықтар үшін қажетті дағдыларды меңгеруге арналған. Сіз жалпы жолмен жүргіңіз келсе де, оқуыңыз бен университеттегі тәжірибеңізді құмарлықтарыңыз бен амбицияларыңызға бейімдегіңіз келсе де, DMU Қазақстан ұсынған мүмкіндіктер сізге көптеген қызықты мансаптық жолдарды таңдауға мүмкіндік береді.

Бұл біліктілік дәрежесі сіз таңдаған мамандық бойынша мамандануға мүмкіндік беретін коммерциялық және кәсіпкерлік заңдарға бағытталған. Заң бизнестің барлық салаларына әсер етеді, келісімшарттар мен жалдау шарттарынан бастап, бірігу мен қосылуға дейін.

Таңдау себептері...

- Бұл адвокаттар мен құқыққорғаушылар үшін кәсіби біліктіліктің академиялық кезеңінен толық босатылған біліктілік заң дәрежесі (растау және мақұлдау шартымен).
- Бағдарлама сіздің кәсіби дағдыларыңызды дамытуға және жұмысқа орналасу үшін мансаптық перспективаларды жақсартуға арналған. Сіз жергілікті практик-адвокаттармен кездесу және заңгерлік мансаптың барлық аспектілері бойынша семинарлар өткізу мүмкіндігінен пайда табасыз.
- Сіз бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру шеңберінде клиенттердің пікірталастары мен сауалнамаларына қатысасыз. Сондай-ақ сіз AIFC және IAC сотында тағылымдамадан өтуге өтініш білдіре аласыз.

Пәндер

Бағдарлама коммерциялық құқықтың дамып келе жатқан субъектілерін қамтиды, атап айтқанда, заңды тұлғалар, корпоративтік құқық, коммерциялық құқық және зияткерлік меншік, мұнда сауда белгілеріне, оның дизайнына, патенттер мен авторлық құқықтарына қатысты заңдар зерттеледі.



Экономика және Халықаралық қатынастар

Бак. (Hons)

Халықаралық саяси оқиғалардың жаһандық экономикаға қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге тырысыңыз. Экономика саласындағы кең ауқымды білімдерді ұсынатын бұл бағдарлама жұмыс берушілер талап ететін дағдыларды дамытуға, соның ішінде іскерлік, коммуникация, топтық жұмыс, тәуелсіз зерттеу және сыни талдауды дамытуға арналған.

Таңдау себептері...

- Экономика мен халықаралық қатынастарды үйлестіре отырып, тәжірибеңізді кеңейтіңіз, әлеуетті жұмыс берушілер бағалайтын кең қолдану дағдыларын дамытыңыз.
- Пікірсайыстарға қатысыңыз, конференцияларға қатысыңыз және шақырылған бірқатар спикерлерден сабақ алыңыз.
- Біздің жұмыспен қамту бағдарламамыз аясында жергілікті, ұлттық және халықаралық компанияларға жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

Пәндер

Бұл бағыт экономика мен халықаралық қатынастардың бірқатар модульдерін қамтиды, соның ішінде қолданбалы экономикалық талдау, қолданыстағы саясат, қаржы нарықтары мен институттары, халықаралық сауда, жаһандану және демократия бар.

Жаһандық бейбітшілік құру модулі сізді жаһанданудың тарихымен, оның құрылымымен және саяси экономикасымен таныстырады.

Қаржы және Инвестициялар BSc (Hons)

Бұл бағдарламада өзара байланысты бухгалтерлік есеп пен экономика пәндерін оқып-үйрену арқылы қаржыны жан-жақты түсіну қалыптасады. Бағдарлама сандық мәліметтерге назар аударатын математикалық тәсілге қызығушылық танытқандар үшін өте қолайлы.

Таңдау себептері...

- Қаржы және инвестиция саласындағы мансапты жоғарылату үшін сізде жоғары техникалық дағдылар мен кәсіби қатынастар болады.
- Қаржы, есеп және экономика тақырыптарын қамтитын модульдің кең мазмұнынан пайда табыңыз.
- Сізді жаңа әдіснамамен таныстыратын «заманауи» «жасанды интеллект және қаржылық қосымша» модулін қолданыңыз. Кәсіби қаржы органдарының көптеген құзыреттілік талаптарын қанағаттандыруға арналған оқу бағдарламасымен танысыңыз. Бағдарламаны басқарушы бухгалтерлердің әлемдегі ең ірі кәсіби органы – CIMA (Chartered Institute of Management Accountants) аккредиттеген (растау және мақұлдау қажет).

Пәндер

«Жасанды интеллект» және «Қаржылық қосымшалар» сияқты пәндер сізді жаңа әдіснамамен таныстырады.

Сіз жасанды интеллект қосымшаларын пайдалану және бағалау, сондай-ақ нақты мәселелерді шешу жолында өзіңіздің қосымшаларыңызды жасау үшін мол тәжірибе жинақтайсыз.

МАГИСТРАТУРАНЫҢ 2022/23 ОҚУ ЖЫЛЫНДА БАСТАЛАТЫН БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

ДМУ-дің магистрлік бағдарламаларына жетекші жұмыс берушілер мен кәсіби ұйымдар үнемі қолдау көрсетеді және ол жетекші әлемдік зерттеулермен толықтырылып отырады.

Бұл олардың өзектілігі мен заманауилығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ студенттерге бәсекеге қабілетті еңбек нарығында жұмыс берушілер үміткерлерден күтетін дағдылар және тәжірибелерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Біз магистратураның мына бағдарламаларын ұсынамыз:

- Global MBA
- MSc Халықаралық қаржы және Инвестициялар
- LLM Халықаралық Іскерлік Құқық

Бағдарламалар жөнінде толық ақпарат алу үшін, біздің веб-сайтқа кіріңіздер:

 dmuk.edu.kz/postgraduate

Барлық ерекшеліктер мен аккредиттациялар расталуы және бекітілуі керек.

Бұл пәндердің барлығы болжамды және ағымдағы академиялық сессияға негізделген. Бағдарламаның мазмұнын жаңартып отыру үшін, нақты элементтер әртүрлі болуы мүмкін. Бағдарламалар туралы ақпарат жарияланған кезінде дұрыс болды және қайта қаралуы мүмкін. Бағдарлама академиялық мақұлдау бойынша орындалуы тиіс.

Бұл брошюраның мазмұны басылымға шыққан кезде өзекті болды. Алайда өтінім берер алдында біздің веб-сайтымызды тексеріп, сізді қызықтыратын бағдарламада немесе осы жерде сипатталған басқа да қызметтерде өзгеріс болуын тексеріңіз. Егер осы брошюраның мазмұны мен біздің веб-сайттағы ақпарат арасында айырмашылық болса, онда веб-сайттың мазмұны дұрысырақ болмақ, әрі біздің сізге ұсынатын қызметтеріміз веб-сайттағы ақпаратқа негізделеді.





**DMU Kazakhstan
Almaty City, Medeu District,
Al Farabi St.116, Building 6-7
KAZAKHSTAN**

T: +7 727 3467157

**E: admissions@dmuk.edu.kz
enquiries@dmuk.edu.kz**

W: dmuk.edu.kz

© DMU Kazakhstan